

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 187 "Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 14 тамыздағы № 407 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 18 тамызда № 39613 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 187 "Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36186 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларында:

2-тармақтың 19) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"19) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайлардың немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайлардың жалпы санының кемінде жиырма пайызы жетім балаларға және ата-анасының (ата-анасының біреуінің) қамқорлығынсыз қалған балаларға бөлінеді.

Егер жетім балалардың, ата-анасының (ата-анасының біреуінің) қамқорлығынсыз қалған балалардың саны оларға бөлінуге тиісті тұрғынжай көлемінен аз болса немесе осы Қағидалардың 6 және 7-тармақтарының талаптарына сәйкес келмесе, тұрғынжайдың қалған көлемі осы Қағидалардың 4-1-тармағында көрсетілген адамдарға беріледі.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайлар немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған жалпы тұрғынжайлар көлемінің кемінде елу пайызы:

- 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;
- 2) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлеріне;
- 3) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;
- 4) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға;
- 5) мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға;
- 6) жесір әйелдерге (тұл ер адамдарға);
- 7) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға;
- 8) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың отбасы мүшесі (мүшелері) және (немесе) мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасы мүшесі (мүшелері) бар өзге де санаттар бойынша тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға беріледі.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген азаматтардың саны оларға берілетін тұрғынжай көлемінен аз болса немесе олар осы Қағидалардың 6 және 7-тармақтарының талаптарына сәйкес келмесе, қалған тұрғынжай көлемі осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген адамдарға беріледі.";

5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған жалпы тұрғынжай көлемінен қалған тұрғынжай көлемі осы Қағидалардың 4 және 4-1-тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға жатпайтын, бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға беріледі.

6. Коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжай тұрғынжайға мұқтаждардың есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға:

1) осы Қағидалардың 4-1-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген адамдарды қоспағанда, бірыңғай республикалық электрондық базада немесе "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында есепке қою күні бойынша;

2) бірыңғай республикалық электрондық базаның немесе "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасының деректеріне сәйкес отбасы құрамында үш адамнан артық болған кезде отбасының соңғы 6 (алты) айдағы жиынтық

табысымен отбасының әрбір мүшесіне ағымдағы қаржы жылына заңнамада белгіленген айына ең төменгі күнкөріс деңгейінің 2 (екі) – көрсеткішінен аспайтын табыс немесе оның болмауы;

3) бірыңғай республикалық электрондық базаның немесе "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасының деректеріне сәйкес отбасы құрамында екі адамнан артық болмаған кезде екі адамнан тұратын отбасы құрамы соңғы 6 (алты) айдағы жиынтық табысымен отбасының әрбір мүшесіне ағымдағы қаржы жылына заңнамада белгіленген айына ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,5 (үш жарым) – көрсеткішінен аспайтын табыс немесе оның болмауы;

4) бірыңғай республикалық электрондық базаның немесе "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасының деректеріне сәйкес отбасы мүшелері болмаған кезде азаматтың соңғы 6 (алты) айдағы табысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 5,5 (бес жарым) – көрсеткішінен аспайтын табыс немесе оның болмауы кезінде беріледі;

Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды беретін кезде бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждардың есебінде тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың және олардың отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасында еңбек және кәсіпкерлік қызметтен алған табыстары есепке алынады.

7. Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжай немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжай берілген кезде мынадай нормалары қолданылады:

1) ерлі-зайыптыларға бір бөлме беріледі;

2) жынысы бір отбасы мүшелеріне, оның ішінде ерлі-зайыптылардың біреуі ғана болған жағдайда бір бөлмеде екі адамнан аспайтын есеппен бір бөлме беріледі;

3) ерлі-зайыптыларды қоспағанда, әр жынысты отбасы мүшелеріне бір бөлмеде екі адамнан аспайтын есеппен жеке бөлмелер беріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген нормаға сай келетін тұрғынжайлар болмаған кезде бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждардың есебінде тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың келісімімен белгіленген нормалардан төмен тұрғынжайларды беруге жол беріледі.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен аурулар тізімінде санамаланған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын азаматтарға,

сондай-ақ мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға жеке қосымша бөлме беріледі. Аталған қосымша алаң артық деп есептелмейді.";

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Ауылдық елді мекендерде орналасқан коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайлар немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайлар осы Қағидалардың 6 және 7-тармақтарының талаптарын ескере отырып, Отбасы банктің интернет - ресурсында осы ауданда бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждардың есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар берген осы Қағидалардың 1-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ауылдық елді мекендерде орналасқан коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайлар немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайлар беру туралы өтініші негізінде іске асырылады."

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Тұрғын үй құрылысы жинақтары жүйесі арқылы жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша берілетін тұрғынжайдың жалпы көлемінің кемінде жиырма пайызы жетім балаларға және ата-анасының (ата-анасының біреуінің) қамқорлығынсыз қалған балаларға беріледі.

Егер жетім балалардың, ата-анасының (ата-анасының біреуінің) қамқорлығынсыз қалған балалардың саны оларға бөлінуге тиісті тұрғынжай көлемінен аз болса немесе олар осы Қағидалардың 18 және 24-тармақтарының талаптарына сәйкес келмесе, тұрғынжайдың қалған көлемі осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген адамдарға беріледі.

15. Тұрғын үй құрылысы жинақтары жүйесі арқылы жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша берілетін тұрғынжайлардың жалпы көлемінің кемінде елу пайызы:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;

2) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлеріне;

3) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;

4) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға;

5) мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға;

6) жесір әйелдерге (тұл ер адамдарға);

7) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға;

8) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың отбасы мүшесі (мүшелері) және (немесе) мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасы мүшесі (

мүшелері) бар өзге де санаттар бойынша тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға беріледі.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген азаматтардың саны оларға берілетін тұрғынжай көлемінен аз болса немесе олар осы Қағидалардың 18 және 24-тармақтарының талаптарына сәйкес келмесе, қалған тұрғынжай көлемі осы Қағидалардың 15-1-тармағында көрсетілген адамдарға беріледі.";

мынадай мазмұндағы 15-1-тармақпен толықтырылсын:

"15-1. Тұрғын үй құрылысы жинақтары жүйесі арқылы жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша берілетін тұрғынжайлардың жалпы көлемінен қалған тұрғынжай көлемі осы Қағидалардың 14 және 15-тармақтарында көрсетілген тұлғаларға жатпайтын, бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғын үйге мұқтаждардың есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға беріледі.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Тұрғынжайды бөлу және тұрғынжай беру жөнінде шешім қабылдау процесі осы Қағидалардың 13, 14, 15, 15-1-тармақтарының талаптарын ескере отырып, автоматты түрде Отбасы банктің автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен жүзеге асырылады.";

18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Қазақстан Республикасында еңбек және кәсіпкерлік қызметтен соңғы 6 (алты) айда отбасылық жиынтық табысы отбасының әрбір мүшесіне 5 (бес) ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын, бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар жылдық 2% (екі пайыз) ставкасы бойынша жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарызының қатысушылары :

- 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері;
- 2) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлері;
- 3) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;
- 4) жетім балалар және ата-анасының (ата-анасының біреуінің) қамқорлығынсыз қалған балалар;
- 5) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар;
- 6) мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар;
- 7) жесір әйелдер (тұл ер адамдар);
- 8) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар.

19. Жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарызын беру кезінде бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждардың есепте тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың және олардың отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасында еңбек және кәсіпкерлік қызметтен алған табыстары ескеріледі.";

24 және 25-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Жылдық 5% (бес пайыз) мөлшерлеме бойынша жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарызының қатысушылары соңғы 6 (алты) айдағы Қазақстан Республикасында еңбек және кәсіпкерлік қызметтен түскен жиынтық отбасылық табысы бар бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар болып табылады.

25. Жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарызын берген кезде бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждардың есебінде тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың және олардың отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасында еңбек және кәсіпкерлік қызметтен алған табыстары ескеріледі.";

30 және 31-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Заңның 68-бабында айқындалған бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждардың есебінде тұрған, отбасының Қазақстан Республикасында еңбек және кәсіпкерлік қызметтен жиынтық табысы бар Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастары жылдық 7% (жеті пайыз) мөлшерлеме бойынша жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарызының қатысушылары болып табылады.

31. Жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарызын беру кезінде бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждардың есебінде тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың және олардың отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасында еңбек және кәсіпкерлік қызметтен алған табыстары ескеріледі.";

51-тармақ алып тасталсын;

осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 14 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың бірінші тармақтың жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы және отыз бірінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі

Е. Нагаспаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс
министрі
2026 жылғы 14 тамыздағы
№ 407 бұйрығына
1-қосымша
Тұрғын үй жағдайларын
жақсартуға бағытталған
мемлекеттік қолдау
шараларын іске асыру
қағидаларына
1-1 қосымша
Нысан
_____ азаматтан
(тегі, аты, әкесінің аты)
(бар болған жағдайда),
жеке сәйкестендіру
нөмірі _____

Ауылдық елді мекендерде орналасқан коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайлар немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайлар беру туралы өтініші

_____,
(ауылдық елді мекеннің, ауданның, облыстың атауы)

коммуналдық тұрғын үй қорынан бөлінетін тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжайды беруді сұраймын.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

"__" _____ 20__ жыл.
ЭЦҚ

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс
министрі
2026 жылғы 14 тамыздағы
№ 407 бұйрығына
2-қосымша
Тұрғын үй жағдайларын
жақсартуға бағытталған
мемлекеттік қолдау
шараларын іске асыру
қағидаларына
4- қосымша

"Тұрғын үй сертификаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Тұрғын үй сертификаттарын беру.
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жоқ.
3	Көрсетілетін қызметті берушінің, көрсетілетін қызметті бірлесіп берушінің атауы	Астананың, республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары.
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	www.egov.kz "цифрлық үкіметтің" веб-порталы.
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	3 (үш) жұмыс күні.
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Цифрлық (ішінара автоматтандырылған).
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Түрін, сомасын көрсете отырып, тұрғын үй сертификатын беруді мақұлдау туралы шешім немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті	

8	алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және акпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін. 2) веб-портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде, өтініштерді қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1) ЭЦҚ-мен куәландырылған осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық өтініш; 2) Заңның 68-бабында айқындалған халықтың әлеуметтік осал топтарының санаттарын қоспағанда жұмыс орнынан анықтаманың электрондық көшірмесі; 3) ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша бастапқы жарнаның мөлшері сомасы туралы мәліметтерді қамтитын өтініш берушіге тұрғынжай сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын беруді мақұлдау туралы ЕДБ-нің хатының электрондық көшірмесі. Өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің (зайыбының (жұбайының), кәмелетке толмаған балаларының) жеке басын куәландыратын құжаттардың, олардың табыстарының, жылжымайтын мүліктерінің, неке

		кию немесе бұзу туралы (2008 жылғы 1 маусымнан кейін), қайтыс болуы туралы (2007 жылғы 13 тамыздан кейін), балалардың тууы туралы (2007 жылғы 13 тамыздан кейін), құжаттар, өтініш берушінің халықтың әлеуметтік осал топтарына жататынын растайтын құжаттар көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкіметтің" шлюзі (сыртқы шлюзі) арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден отбасының барлық мүшелеріне беріледі.
11	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар	1) субсидиялауға байланысты, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыларды іріктеудің конкурстық рәсімдері арқылы немесе белгіленген лимиттер шегіндегі көрсетілетін мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды

		күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша; 6) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.
12	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	1. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар. 2. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. 3. Портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін көрсетілетін қызметтерді электрондық нысанда алу субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бір реттік парольдерді пайдалана алады.